

Оралмандардың 2009 жылға арналған көшіп келу квотасын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы N 32 Қаулысы

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына және "Оралмандардың 2009 - 2011 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 17 қарашадағы N 690 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес оралмандардың 2009 жылға арналған көшіп келу квотасы облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдерімен бірлесіп, 2009 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және оларды орналастыру орындарында бейімдеу үшін жағдай жасауды қамтамасыз е т с і н ;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, мемлекеттің қаржылық қолдауынсыз өздерінің тарихи отанына келе алмайтын ұлты қазақ адамдардың ұйымдасып көшіп келуін жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2009 жылғы 1 шілдеге және 2010 жылғы 1 ақпанға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалуы туралы есептерді ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 2 қ а ң т а р д а ғ ы

N 3 2 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Оралмандардың 2009 жылға арналған көшіп келу квотасы

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.21 № 2139

Қаулысымен.

Облыстар мен қалалардың атауы	Отбасы саны
Ақмола	1020
Ақтөбе	1000
Алматы	4000

Атырау	650
Шығыс Қазақстан	1500
Жамбыл	1950
Батыс Қазақстан	500
Қарағанды	1000
Қостанай	1000
Қызылорда	400
Маңғыстау	2500
Павлодар	750
Солтүстік Қазақстан	550
Оңтүстік Қазақстан	2800
Алматы қаласы	130
Астана қаласы	250
Жиыны:	20000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК